ЖАҢАЛЫҚТАР

"Құқықтық медиа орталық" Құрылтайды БАҚ жұмысын шектейтін өзгерістерді заңға енгізбеуге үндеді

26 қараша 2026 жыл, 07:30



Құрылтайдағы баспасөз брифингінен хабар дайындап жатқан журналистер. Астана, 10 қыркүйек, 2026 жыл

"Құқықтық медиа орталық" қоғамдық қоры Құрылтай депутаттарына "Онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасына байланысты үндеу жасады. Қор құжаттағы бірқатар нормалар редакция тәуелсіздігіне нұқсан келтіріп, ақпарат кеңістігіндегі мемлекеттік бақылауды күшейтеді деп алаңдайды.

Қор заң жобасындағы мемлекеттік органдардың жауабын міндетті түрде таңбалау туралы талапты редакция саясатына тікелей араласу деп бағалайды. Мұндай

таңбалау билік жауабына ерекше мәртебе беріп, оқырман оны толық емес немесе даулы болса да, жалғыз шынайы ақпарат ретінде қабылдауы мүмкін, ал тәуелсіз сарапшылардың пікірі екінші орынға ығысады дейді үндеу авторлары.

Олар заңға "мемлекеттік органның ресми ұстанымы" ұғымын енгізу ақпаратты жариялаған тұлғаға қарай ресми және бейресми деп жасанды бөледі деп есепейді. Бұл өзге мамандар пікірінің маңызын төмендетіп, билікке қай хабарды ресми ұстаным ретінде ұсынуды өзі шешуге мүмкіндік береді деп ескерткен құқық қорғаушылар.

"Журналистің міндеті – биліктің келісілген ұстанымдарын ғана тарату емес, ақпаратты тексеру, дереккөздерді салыстыру және әртүрлі көзқарастарды ұсыну", – деп атап көрсетілген үндеуде.

Жобадағы жеке тұлғаның бейнесін пайдалануды шектейтін жаңа норма бойынша адам бұрын ашық жариялаған суреті мен бейнесін пайдалануға тыйым сала алады. Құқық қорғаушылар мұндай шектеу шенеуніктер мен саясаткерлердің қызметіне қатысты журналистік зерттеулерге кедергі келтіріп, жеке өмірді қорғау мен қоғамның ақпарат алу құқығы арасындағы теңгерімді бұзады деп есептейді.

Заң жобасында атауында "қорлау сипатындағы элементтері" бар БАҚ-қа тыйым салу көзделген. Бірақ олардың нақты өлшемшарттары көрсетілмеген. Ұйым өкілдері мұндай белгісіздік атауында сатира не сын бар тәуелсіз басылымды тіркеуден субъективті түрде бас тартуға жол ашатынын айтқан. "Іс жүзінде мемлекеттік орган тәуелсіз басылымның қызметі басталмай тұрып-ақ оның құрылуына ықпал ету мүмкіндігіне ие болады" дейді олар.

Қоғамдық қор заң жобасындағы даулы төрт норманың бәрінде құқықтық тұрғыдан нақты айқындалмаған ережелер барын атап көрсеткен. Құқық қорғаушылар бұл нормалар журналистер арасында өзіндік цензураның таралуына әкелуі мүмкін деп ескерткен.

"Тәуелсіз БАҚ – журналистердің артықшылығы емес, билікке қоғамдық бақылау жүргізудің қажетті шарты. Заңнама қоғамға маңызды ақпаратты жеткізетін адамдарды бақылаудың қосымша тетіктерін қалыптастырмай, қоғамның ақпарат алу құқығын қорғауға тиіс", – дейді "Құқықтық медиа орталық" қоры.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Құрылтай онлайн-платформалар мен масс-медиа заңына түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады
- «Әділ сөз»: түзетулер ақпараттық кеңістікті қорғаудан гөрі бақылауды күшейтуге бағытталған
- Ақпарат министрі сөз бостандығы рейтингтеріне қарайламауға шақырды
- Министрлік платформаларды заңды өкілдік ашуға міндеттеу жөнінде: заңға қайшы контенттер өшірілді
- Құқық қорғаушылар Құрылтайдың БАҚ-пен жұмыс тәртібі журналистер құқығын шектегенін айтты

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған